

**«Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
(білім беру ұйымының атауы)**

**Орта білім беру ұйымдарына арналған
ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамасы**

№ 2 20 22 жылғы "31" ғазасы

Төрайым: Смаилова Саягуль Канатовна

Хатшы: Табиғатқызы Толқын

Катысқандар: 33 (тізім қоса тігіледі)

Күн тәртібі

1. «Қалыптастыруышы бағалауды қалай тиімді ұйымдастыруға болады?»
баяндама, іс – тәжірибемен бөлісу
2. «Білім беру үдерісін нәтижелі қорытындылау – білім сапасының кепілі»
3. Kundelik.kz журналын жүргізу бойынша тексеру қорытындысын талдау.
4. Өткен оқу жылының олқылықтарын жою бойынша оқушылармен жұмыс барысы (сабакқа қатысу нәтижесі)
5. ТЖБ қорытындысын бақылау
6. Білім алудағы олқылықтарды жою бойынша іс – шаралардың жұмыс барысы (кіріс бақылауы)
7. TIMS, PISA, PIRLS TALIS халықаралық зерттеулерге дайындық жұмыстарының жылдық жоспарын бақылау
8. Жас мамандармен жұмыс барысы

Отырыс барысы

Тындалды:

Ең алдымен мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Смаилова С.Қ. 2022 жылдың 19 тамызында өткен №1 ӘК қаулысының орындалуы туралы есепке тоқталды. №1 ӘК отырысының шешіміне сәйкес қыркүйек айының 1 дейін барлық жоспарлар бекітіліп, мұғалімдер бекітілген жоспар бойынша жұмыс жасап жатқандығына тоқталды. Барлық жоспарлар оқу бағдарламаларын негізінде құрылды. Тәлімгерлік жоспар бойынша жас мамандардың сабактарына қатысып, іс – тәжірибесімен үнемі бөлісіп отырады. Мектептің жылдық жоспары негізінде айлық жоспар құрылып, іс – шаралар ұйымдастырылып өткізілуде. Мектеп мұғалімдерімен электронды журналды, мектеп құжаттарын жүргізу бойынша нұсқаулы жүргізілді.

Бірінші сұрақ бойынша бастауыш сынып мұғалімі А.Хуат «Қалыптастыруышы бағалауды қалай тиімді ұйымдастыруға болады?» тақырыбында істәтәжірибемен бөлісті. Қалыптастыруышы бағалау – сабакта күнделікті жүзеге асатын, білім мен дағдыны меңгеру деңгейін анықтайтын бағалау. Қалыптастыруышы бағалау дегеніміз – оқу үдерісін дер кезінде түзетуге

мүмкіндік беретін, білім алушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін үздіксіз жүргізілетін бағалау түрі. Қалыптастыруышы бағалау сабак үстінде үнемі жүргізіледі. Қалыптастыруышы бағалау күнделікті, әр сабакта, ауызша, жазбаша, жоба қорғау түрінде қолданылады. Қалыптастыруышы бағалау қолдану арқылы мұғалім мен білім алушы арасындағы кері байланыс жүзеге асады. Осының нәтижесінде білім алушы өзін бақылап, өзінің әрекет-тәсілдерін таңдайды, нәтижелерін өзі бағалайды, оны мұғалім жалғастырады. Осылайша бала мақсат қоя білу, күтілетін нәтижені жоспарлау, оны бағалау тәжірибесін жинақтау арқылы өзінің түйінді құзіреттіліктерін қалыптастырады. А.Хуат сабакта өзі ФБ жүргізетін бірнеше тәсілдерді көрсетті.

Сөз сөйлегендер:

Назарбекова С.А. –барлық пән мұғалімдері сабакта ФБ тапсырмалары арқылы оқушыларды бағалап, ата – аналармен кері байланыс жасау керек. Сол кезде ғана білім сапасын көтеріп, оқушының ынтасы артады.

Смаилова С.К. – сабакқа қатысу барысында мұғалімдердің ФБ қою тапсырмаларын жоспарлау қадағаланады.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Мектептің шығармашылық тобы мұғалімдермен сабакта ФБ қою тәсілдерін қалай құрастыруға болатыны жөнінде дәңгелек үстел өткізілсін.

Екінші сұрақ бойынша С.Смаилова «Білім беру үдерісін нәтижелі қорытындылау – білім сапасының кепілі» тақырыбында сабакқа қатысу нәтижесінде 1,5,10 сынып оқушыларының сабактағы белсененділігі, сабакқа ынтасы, мұғаліммен кері байналыс жүргізу мәселелеріне тоқталды. 1 сынып оқушыларының сабакқа деген зейіні тұрақсыз, тез шаршап, зейіні ауытқи береді. Сол себепте сабакта физикалық жаттығуларды кеңінен қолдану ұсынылды. Сабакта ойын технологиясын көп қолдануға кеңес берілді. 5,10 сынып оқушыларының қызығушылығы мен ынтасы жақсы. Оқушылардың белсененділігі орташа. Білім сапасын көтеру үшін сабакты өткізуде сабакты жоспарлауда нақты мақсат қою керек. Сол себепті сабакты жоспарлауға аса назар аудару керек.

Сөз сөйлегендер:

Серғазы Ж. – сол соияқты сабактағы тәртіпке назар аудару керек. Тәрбие болмай білім жок.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Білім сапасын арттыру жұмыстарын жалғастыру
2. 1,5 сынып оқушыларының бейімделуін бақылауды жалғастыру.

Үшінші сұрақ бойынша С.К. Смаилова қыркүйек, қазан айларының Kundelik.kz электронды журналын жүргізу бойынша тексеру қорытындысын талдап, уақытылы жүргізу бойынша ескертулер жасады. Мұғалімдер

журналды уақытынан кеш немесе ерте толтырып қоятыны айтылды. Көп мұғалімдер формативті баға қою кезінде кемшіліктер жіберген. Барлық мұғалімдерге электронды журналды жүргізу бойынша ескеरту жасалды.

Сөз сөйлегендер:

Назарбекова С.А. – Журнал мектептің қатаң есептегі құжаты, сол себепті журналдың дұрыс, әрі толық жүргізілун қамтамасыз ету керек. ФБ баға оқушыларға әр – түрлі әдіс тәсілдерді қолдану арқылы күнделікті қойылу керек.

Ажыхан Е. – әр сабактарда оқушыларға сын тұрғысынан ойлау технологиясының әдістерін қолдану арқылы ФБ қойып отырамын.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Журналды уақытылы толтыру.
2. Журнал жүргізу бойынша ай сайын мониторинг жасау.

Төртінші сұрақ бойынша директордың оқу ісі орынбасары С.Смаилова бекітілген жоспар бойынша сыныптардың сабактарына қатысу нәтижесімен таныстырды. Сабактарға қатысу барысында көптеген пән мұғалімдері сабактарда әдіс – тәсілдер қолданылмайтыны анықтылды. Сабак барысы бірсарынды, дәстүрлі түрде өтеді. Сондай – ак сабак барысында қалыптастыруши баға қоюға арналған арнайы тапсырмалар берілмейтіні де айтылды. Әр оқушыға ҚБ тек оқушының сабакқа қатысуы және барлық тапсырмаларды орындауды бойынша қойылады. Бірақ сабакта кейбір оқушылардың тапсырмалары тексерілмейді. Сол себепті мұғалімдерге саақ жоспарын құруда осы кемшіліктерді ескеру ұсынылды. Әр пән мұғалімімен сабакқа қатысу бойынша талдау жүргізілетіні айтылды.

Сөз сөйлегендер:

Кункенова М.Н. – Бастауыш сыныптан кеткен оқушыларды сабакқа қызықтыру, ынтасын көтеру үшін түрлі тәсілдер қолдану керек.

Кункенов С.С. – әр сабактарда оқушыларға сын тұрғысынан ойлау технологиясының әдістерін қолдану арқылы ҚБ қойып отырамын.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Жоспар бойынша сабактарға қатысады жалғастыру.
2. ҚБ тапсырмаларын құрастыру бойынша оқыту семинарын үйымдастыру.

№5 сұрақ бойынша гуманитарлық бірлестік жетекшісі тоқсандық жиынтық бақылау (ТЖБ) жұмыстары бекітілген ккестеге сәйкес жүргізілгенін атап өтті. Барлық пәндер бойынша ТЖБ пәндер спецификациясы негізінде жүргізіледі. ТЖБ қорытындысы бойынша барлық бірлестіктер модерация өткізді. Модерация барысында барлық жұмыстар дескриптор негізінде тексеріліп, қойылған баллдар сәйкестігі бақыланды.

Сөз сөйлегендер:

Альмагамбетова С.Ж. – Бастауыш сыныптар бойынша да барлық жұмыстарға модерация өткізілді. Кемшіліктер болған жоқ.

Дүйсенбаева Л. – ЖМБ бірлестігі бойынша да модерациялық топ отырысы өтті, ескерту жоқ.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Жоспар бойынша 2 тоқсандық ТЖБ өткізу.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы № 193 бұйрығы 22 тармағы негізінде модерация тек даулы мәселелер туындаған жағдайда ғана өткізіледі.

№6 сұрақ бойынша жаратылыстану – математикалық пәндер бірлестігінің жетекшісі Л.Дүйсенбаева білім алудағы олқылықтарды жою бойынша іс – шаралардың жұмыс барысы бойынша есеп берді. Оның ішінде кіріс бақылауына тоқталды. Барлық пәндер қыркүйек айының 9 дейін кіріс бақылау жұмыстарын өткізіп, талдау жұмыстарын асады. Осы бақылау негізінде сабактарда үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстар жүргізіледі.

Сөз сөйлегендер:

Канафина Г.Ж. – гуманитарлық бірлестік пәндері бойынша да кіріс бақылаулары өтті, талдау жасалды.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Білім сапасын арттыру бойынша сабакта түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануды жалғастыру.

№7 сұрақ бойынша С.Смаилова TIMS, PISA, PIRLS TALIS халықаралық зерттеулерге дайындық жұмыстарының жылдық жоспары бойынша өткізілетін іс – шараларға тоқталды. TIMSS халықаралық зерттеуінің негізгі мақсаты – әртүрлі елдердегі білім жүйесі мен орта мектепокушыларының жаратылыстану-математикалық дайындық деңгейін салыстырмалы бағалау және осы дайындық деңгейіне әсер ететін факторларды анықтау. TIMSS халықаралық зерттеуі 4 және 8- сынып оқушыларының математика мен жаратылыстанудан білім сапасын бағалайтын төртжылдық мерзіммен өткізілетін зерттеу. PIRLS зерттеуі – бастауыш сынып оқушыларының мәтінді оқу және түсіну сапасын зерттеуге арналған. Халықаралық жоба бесжылдық мерзіммен өткізіледі. PISA (Programme for International Student Assessment) – халықаралық зерттеудің мақсаты 15 жастағы оқушылардың математикалық, жаратылыстану мен оқудағы сауаттылығын бағалау болып табылады. Осы жобаларға дайындық бойынша байқау сынақтары өтеді. Ата – аналармен және оқушылармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу керек.

Сөз сөйлегендер:

Акишев К.К. – оқушыларға түсіндірме жұмыстарын сынып жетекшілер жүргізу керек. Сабакта функционалдық сауаттылықты дамытуға көп көні бөлу керек.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Окушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жұмыстарын жүргізу.

№8 сұрақта С.К.Смаилова жас мамандармен жасалып жатқан жұмыстарға тоқталды. Жас мамандарға бекітілген тәлімгерлер сабактарға қатысып, әдістемелік көмек көрсету керек. БЖБ, ТЖБ құрастыру, ол жұмыстарды талдау бойынша көмек көрсетілуде. Тәжірибелі ұстаздар қазан айында іс-тәжірибемен бөлісу семинарларын өткізді. Сол сияқты азан айында «Қалыптастырушы бағалау: теория және практика» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Әр тәлімгер өздерінің жұмыстары бойынша есеп берді.

Сөз сөйлегендер:

Дүйсенбаева Л.Б. – ЖМБ бойынша жас мамандарға көмек көрсетілуде. Сабактарды жоспарлау, БЖБ, ТЖБ құрастыру және өткізу бойынша нұсқаулықтар берілді. Жас мамандардың басқа мұғалімдердің сабактарына қатысуы қадағаланады.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Жас мұғалімдерге көмек көрсетуді жалғастыру;
2. Ай сайын іс- тәжірибемен бөлісу семинарын өткізу;

ӘК төрайымы:  Смаилова С.К.

Хатшы:  Табиғатқызы Т.

**«Олжабай батыр ауылының жалпы орта
білім беретін мектебі» КММ-педагогикалық қызметкерлер тізімі**

№	Аты – жөні	Қызметі
1	Назарбекова Сауле Ануарбековна	Мектеп директоры
2	Смаилова Саягуль Канатовна	Оқу ісі жөн. орынбасар
3	Серғазы Жадыра	Тәрбие ісі жөн.орынбасар
4	Шайкенова Н.Р	Мұғалім
5	Дүйсенбаева Лира	Мұғалім
6	Альмаганбетова Сания Жолдангаровна	Мұғалім
7	Акишев Куат Калдыбаевич	Мұғалім
8	Дукенбаева Нуржамал Ергалиевна	Мұғалім
9	Канафина Гульнур Жолдыбековна	Мұғалім
10	Аскар Ерғали	Мұғалім
11	Ажыхан Есенжан	Мұғалім
12	Коқумбаев Канат Елюкенович	Мұғалім
13	Хужин Азамат Наилович	Мұғалім
14	Сайлаухан Батыржан	Мұғалім
15	Кункенов Сунқарбек Сламбекович	Мұғалім
16	Хауай Рысгүль	Мұғалім
17	Кункенова Майкен Назымбековна	Мұғалім
18	Хожабай Балжан	Мұғалім
19	Дүйсенбаев Мухаметгали Темирбаевич	Мұғалім
20	Кункенова Гульмира Абайевна	Мұғалім
21	Байғабыл Тилеубек	Мұғалім
22	Кабдышева Айнур Канатовна	Мұғалім
23	Умурзакова Гульдана Кайратовна	Мұғалім
24	Табигатқызы Толқын	Мұғалім
25	Естай Айкумис	Мұғалім
26	Алеш Айгүль	Мұғалім
27	Жагипарова С.Т.	Мұғалім
28	Асылбек А.	Мұғалім
29	Мухитова Н.Б.	Мұғалім
30	Хуат А.	Мұғалім
31	Ракыш Б.	Мұғалім
32	Шамшитова Шамшия Асылхановна	Тәлімгер
33	Джаббарбергенова С.Д.	Мұғалім